

САЛЫМДЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТАЛАПТАРЫ

- 1.1. Осы салымдық операцияларды жүзеге асыру Талаптары (ары қарай- Талап) Шарттың ажырас бөлігі болып табылады.
- 1.2. Талаптар салымдық операцияларды «Альфа-овернайт» Салымын орналастыру бойынша (ары-қарай осы Талаптың мәтіні бойынша Салымдар/Салым) жүзеге асырудың жалпы тәртібін анықтайды. Клиент Салымдарды салымдық операцияларды жүзеге асыру Өтінішінде көрсеткен мерзім ішінде орналастыра алады. Әр/жеке Салымның нақты талаптары «Альфа-овернайт» салымдық операцияларды жүзеге асыру Өтінімінде (ары-қарай осы Талаптың мәтіні бойынша - Өтінім) және растауында көрсетіледі.
- 1.3. Егер Шарт және оған Қосымшалар Салымдарды орналастырудың басқа талаптарын қарастырса, Тараптар «Альфа-овернайт» Салымын орналастыруда осы Талаптарды басшылыққа алады

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 2.1. Салымдарды орналастыруға Жинақ шоты салымдық операцияларды жүзеге асыруға Өтініш негізінде ашылады. Қосымша құжаттарды ұсыну қажеттілігін Банк анықтайды және Клиентке жеткізеді.
- 2.2. Клиент Жинақ шотында төмендетілмейтін қалдықты салымдық операцияларды жүзеге асыру Өтінішінде көрсетілген мөлшерде және мерзімде қамтамасыз етуге міндетті. Төмендетілмейтін қалдық сомасына сыйақы есептелмейді. Төмендетілмейтін қалдық сомасы Салымды орналастыру кезінде есепке алынбайды.
- 2.3. Сыйақы мөлшерлемесін Банк анықтайды және Клиентке Астана қ. уақытымен сағ. 09.00 – ден 16.00 – ге дейін Интернет-Банк жүйесі арқылы жеткізеді (ары-қарай осы Талаптың мәтіні бойынша –Жүйе).
- 2.4. Салымды орналастыру мерзімі, Салым жұмыс емес күннің алдындағы күнде салынған жағдайдан басқа, 1 күнді құрайды.
- 2.5. Клиент Өтінімді Шартқа №2 Қосымшаның үлгісі бойынша Жүйе арқылы жолдайды.
- 2.6. Банк Өтінімдерді қабылдауды Клиенттің Ағымдағы шотында салымдық операцияларды жүзеге асыру Өтінішінде көрсетілген Салым сомасы бар болған талаппен Астана уақыты сағ. 16.00.-ге дейін жүзеге асырады.
- 2.7. Банк Өтінім негізінде Ағымдағы шоттан (Клиенттің қосымша келісімінсіз тікелей дебеттеу арқылы) Салым сомасын Астана қ. уақытымен 17.00-ден кем емес уақытта шегеріп алады да, алынған соманы Жинақ шотына түсіреді.
- 2.8. Банк Салымды орналастыру туралы растауын Клиентке Астана қ. уақытымен 18.00-ге дейін Жүйе арқылы жолдайды және Салымды орналастыруды растайтын құжат болып табылады. Растауда Салым валютасы, сомасы, сыйақы мөлшерлемесі, соның ішінде жылдық тиімді мөлшерлеме, және Салымның басқа талаптары көрсетіледі. Клиент Салым бойынша сыйақы мөлшерлемесін Банктің Жүйеде Өтінімді қабылдау кезінде қолданыстағы және растауда көрсетілген сыйақы мөлшерлемесі екеніне сөзсіз келіседі.
- 2.9. Дұрыс емес деректерді көрсеткен жағдайда немесе Салым салуға Ағымдағы шотта ақша жоқ болуы/жеткіліксіз болуында Өтінім қабылданбайды. Банктің Өтінім қабылдаудан бас тартуы, Банкте Салым салу туралы растаудың жоқ екенін білдіреді.
- 2.10. Салым сомасын қайтару және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес салық пен басқа міндетті төлемдерді шегерумен Салым бойынша сыйақыны төлеу, салымдық операцияларды жүзеге асыру Өтінішінде көрсетілген Ағымдағы шотқа Астана қ. уақытымен 12.00-ден кеш емес, Өтінімде көрсетілген Салымды орналастыру күнінен кейін түседі.
- 2.11. Салымды жұмыс емес күнінің алдында орналастырса, Салымды қайтару және сыйақыны есептеу Астана қ. уақытымен 12.00-ден кеш емес, жұмыс емес күнінен кейінгі, бірінші жұмыс күні есептеледі. Бұл жағдайда, Салым бойынша сыйақы Жинақ шотына ақша түскен күннен кейінгі күннен бастап есептеледі және соңғы жұмыс емес күнімен аяқталады.
- 2.12. Егер Салым мерзімі аяқталу күні жұмыс емес күніне келсе, Салымды қайтару және Салым бойынша сыйақы төлеу Астана қ. уақытымен 12.00-ден кеш емес, жұмыс емес күнінен кейінгі, бірінші жұмыс күні төленеді. Сонымен қатар Салымды орналастыру мерзімі аяқталу сәтінен бастап сыйақы оған есептелмейді. Салым бойынша ішінара алу және қосымша жарналар қарастырылмаған.
- 2.13. Банк табыс салығын ұстау есебімен Салым бойынша төленген сыйақы мөлшері туралы ақпаратты Клиенттің сұрауы бойынша, сұрау жіберілген 3 банк күнінен кеш емес мерзімде ұсынады. Салымдық операцияларды жүзеге асыру Өтінішінде көрсетілген Ағымдағы шотқа өкілетті органның (тұлғаның) шығын операцияларын тоқтату туралы шешімі/қаулысы түскен жағдайда, сондай-ақ өкілетті органның

(тұлғаның) Клиенттің ақшасына тыйым салу туралы шешімі/қаулысы түскен жағдайда Банк Өтінімді қабылдамайды.

- 2.14. Жинақтау шотына өкілетті органның (тұлғаның) шығын операцияларын тоқтату туралы шешімі/қаулысы түскен жағдайда, сондай-ақ өкілетті органның (тұлғаның) Клиенттің ақшасына тыйым салу туралы шешімі/қаулысы түскен жағдайда, Салымға сыйақы Өтінімге сәйкес есептеледі.

3. КЛИЕНТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Клиент міндетті:

- 3.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамаларына және банктің ішкі құжаттарына сәйкес, Жинақтау шотын ашуға қажетті құжаттарды ұсынуға;
3.1.2. Астана қ. уақытымен сағ.16.00-ден кеш емес, Ағымдағы шотта Салымды орналастыруға жеткілікті соманың болуын қамтамасыз етуге;
3.1.3. салымдық операцияларды жүзеге асыру Өтінішінде көрсетілген төмендетілмейтін қалдық сомасының Жинақ шотында бар болуын қамтамасыз етуге.

3.2. Клиент құқылы:

- 3.2.1. Өтінімге сәйкес, Салым мерзімі аяқталуы бойынша Салым сомасын алуға және оған есептелген сыйақы алуға;
3.2.2. Жинақ шотының жағдайы туралы көшірме (анықтама) алуға.

4. БАНКТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Банк міндетті:

- 4.1.1. осы талаптарға сәйкес, Жинақ шотына салынған Салымдарды есепке алуға;
4.1.2. Өтінімге сәйкес, Салым сыйақысының сомасын есептеуге;
4.1.3. Өтінімге сәйкес, Салым орналастыру мерзімі аяқталуы бойынша Салым сомасын және оған есептелген сыйақыны Өтініште көрсетілген деректер бойынша Ағымдағы шотқа қайтаруға;

4.2. Банк құқылы:

- 4.2.1. өздігімен Жинақ шотын ашу туралы немесе бас тарту туралы шешімді қабылдауға;
4.2.2. Банкке тиесілі комиссия сомасын, басқа төлемдерді, Клиенттің Банк алдындағы Талаптар/кез-келген басқа міндеттемелер бойынша (кез-келген басқа берешектер), Жинақ шотына қате есептелінген соманы (осындай қате есептеудің себебіне байланысты емес), Банк пайдасына Шарттың 5 тарауында анықталған тәртіпте алуға;

5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ. ЖАУАПКЕШІЛІКТІ АЛЫП ТАСТАУ

- 5.1. Тараптардың әр қайсысы өздеріне алынған міндеттемелерді бұзғаны үшін Талаптар мен салымды орналастыру Өтінішіне сәйкес екінші Тараптың алдында Шарттың Талаптарына сәйкес, ал жауапкершілік Шартпен қарастырылмаса, ҚР заңнамаларына сәйкес жауапты.
- 5.2. Банк Талаптар бойынша Клиенттің өз міндеттерін орындамауы/ тиісті түрде орындамауына, соның ішінде Банкке Жинақ шоты, Ағымдағы шоты бойынша өкілетті органның (тұлғаның), сондай-ақ, ҚР заңнамаларына сәйкес Клиенттің келісімінсіз ақшаны алу құқығы бар үшінші тұлғалардың шығын операцияларын тоқтату туралы шешімі/қаулысы түскен жағдайда, сондай-ақ өкілетті органның (тұлғаның) Клиенттің ақшасына тиым салу туралы шешімі/қаулысы түскен жағдайда, Жинақ шотына ақша есептеу мүмкін болмаған жағдайда жауапты емес және шығынды өтемейді.

6. БАСҚАДАЙ ТАЛАПТАР

- 6.1. Талаптарға өзгерістер Шартпен белгіленген тәртіпте енгізіледі.
6.2. Клиент кез-келген уақытта біржақты тәртіпте осы талаптардың бөлігіндегі Салымды(-дарды) мерзімінен бұрын алуды жүзеге асыруға, осы Талаптармен белгіленген тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.
6.3. Осы Шарттың қызметі Банктің бастамасы бойынша, ҚР заңнамаларымен және Шартпен қарастырылған жағдайда, Шартпен белгіленген тәртіпте тоқтатылуы мүмкін.